

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне қосымша қызметкерлер және оларды ұстауға қаржы бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 12 қазан 1993 ж. N 1017. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

1. Ақпараттық орталық құрылымында оналту жөніндегі бөлімшелерді құру үшін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне 30 адам мөлшерінде қосымша қызметкерлер, оның ішінде басшы құрамға 12 адам бөлінсін, олар 1993 жылы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне бюджетте көзделген қаражат есебінен ұсталатын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қосымша адам санын ұстауға арнап 1994 жылдан бастап қажетті қаражат бөлінуін көздейтін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі